


**Автор:** Сапарова Әлия Қайратқызы

**Пән:** Әдебиеттік оқу

**Сынып:** 4-сынып

**Бөлім:** Адами құндылықтар




**Тақырып:** Жазу, сызу, өнер-адамның рухани құндылығы

<p>Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):</p>	<p>4.1.3.1 Шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде мақсаты сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру 4.3.3.1 Шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, таныстырылым түрінде ұсыну</p>
<p>Сабақтың мақсаты:</p>	<p><b>Барлық оқушылар жасай алады:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Оқушылар тақырыпқа сәйкес шығарма түрлерімен танысады. Шығарма мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табу мүмкіндігін қарастырады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.</li> </ul> <p><b>Оқушылардың көбі жасай алады:</b> • Әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет) анықтауды жалғастырады Материалды өңдеу және тұжырым жасау мен себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсете алу әрекеттері жүйеленеді. Шығарманың құрылымын, әр түрлі стильде жазылған жұмыстарды жетілдіреді, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қатені табу және түзетудің жолдары қарастырылады.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі жасай алады:</b> • Оқушыларды түрлі жанрдағы шығармалармен таныстыру арқылы Ұлы дала тарихы, Отаны туралы шежіре сырлары, Туған жердің табиғаты туралы ойларын ортаға салады. Бөлімде Отанға деген құрмет, сүйіспеншілік, қазақстандық патриотизм құндылықтарын қалыптастыру мақсаты қарастырылады.</p>
<p>Тілдік мақсаттар:</p>	<p>Шығармаға байланысты әдеби сөздердің мағынасын ашу.</p>
<p>Күтілетін нәтиже:</p>	
<p>Бағалау критерийлері:</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады.</li> <li>● Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.</li> <li>● Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.</li> </ul>
<p>Құндылықтарды дарыту:</p>	<p>Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.</p>

АКТ-ны қолдану дағдылары:	БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану; Дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Сабақ барысында жаттығуларды орындау, сын есімді анықтауға арналған әдебиеттік оқу пәннен алған білімдерін пайдаланады.
Бастапқы білім:	Жалпы құндылық туралы ұғымдары қалыптасқан, оларды ажырата алады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) <b>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</b> Оқу мақсатын таныстыру	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары
Сабақтың ортасы (21 мин)	<p><b>«Түсініп оқы» айдары (Ө)</b> Әр оқушы өз беттерінше белгіленген жерге дейін ертегіні түсініп оқиды.</p> <p><b>«Болжа» айдары (Т)</b> Болжау әдісі бойынша оқушылар мәтіннің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, олардың ойларынша әрі қарай не болатынын болжайды.</p> <p>Оқушылар оқылған мәтінде келтірілген, өз болжамдарына негіз болған ойларға сүйене отырып, өз болжамдарын топтағы балаларға дәлелдеулері тиіс. Танысу үшін оқу және сканерлеу тәсілі бойынша мәтіннің негізгі идеясын, стилі мен құрылымын анықтау үшін, мәтінді тез көз жүгіртіп оқып шығуды көздейді. Бұл тәсілді болжамдарды дәлелдеу үшін пайдалануға болады. Мысалы: Мәтінді оқырдың алдында оқушылар өздерінің қандай негізгі ақпарат іздейтіндерін анықтап алулары керек: Саң Жие неге қуанды?</p> <p>Сөздікпен жұмыс : <b>Жігі-мұқият, ұқыпты</b></p> <p><b>«Орында» айдары (ТЖ)</b> Әр топқа төмендегі тапсырмаларды үлестіру.</p> <p><b>1-топ.</b> Саң Жие ашқан жаңалықты ертегіден тауып оқиды.</p> <p><b>2-топ.</b> Ертегі мазмұнына жоспар жазады.</p> <p><b>3-топ.</b> Саң Жиенің көңіл күйін ым-ишарамен жасап көрсетеді. Мұғалім: Ертегі мазмұны бойынша өзіңде қандай сұрақтар пайда болды?</p> <p><b>«Баға бер» айдары</b> - Саң Жие қандай адам? Осы сұрақ төңірегінде оқушылар Саң Жиеге баға береді. Топ мүшелері әртүрлі пікірлерді тыңдай отырып, ішінен өздеріне ұнаған пікірді таңдап алады.</p> <p><b>«Орында» айдары (ТЖ)</b> Сөздер, сөйлем мазмұнын сызба, сурет немесе таңба арқылы белгіле. Әр топқа әртүрлі тапсырма беріледі. Бір топ сызба түрінде көрсетеді.</p> <p><b>2-топ</b> сурет арқылы бейнелейді.</p> <p><b>3-топ</b> таңбалар арқылы бейнелеуге тырысады. Жұмыстарын соңында көпшілікке жариялайды.</p>	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Image not found or type unknown</p> 	Түрлі түсті суреттері бар журналдар, флипчарт, желім Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.
	<p>Image not found or type unknown</p>  <p>Сабақты " Ыстық орындық" стратегиясы бойынша қортындылау,яғни ортаға шығып,орындыққа отырып, сұрақтарға тез жауап беру керек.  <b>(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек”</b> әдісі.  Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)  «Білім гүлі» кері байланыс.</p>	
	<p>Image not found or type unknown</p> 	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (4 МИН)	Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен сабақжоспарымды орындап үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	